

SOLVa

**ТҰРАҚТЫ ДАМУ
ТУРАЛЫ ЕСЕП**



2021

Қадағалаушы кеңес төрағасының жолдауы



«Біздің компаниямыз Қазақстанның микрокредиттеу нарығындағы көшбасшылардың бірі болып табылады. Біз өз қызметімізде жауапкершілік, ашықтық пен технологиялылық жаңашылдықты ұстана отырып, клиенттерімізге кең ауқымды өнімдерді ұсынамыз.»

Құрметті қызметкерлер, серіктестер мен клиенттер!

Сіздің назарыңызға Solva компаниясының тұрақты дамуы туралы алғашқы есебімізді ұсынуға қуаныштымын. Есепті әзірлеу - біздің Компаниямыздың тұрақты тәжірибелерін қалыптастыру жолындағы маңызды кезең. Есепте біздің тұрақты даму сұрақтарына қатысты пікіріміз келтірілген, бизнестің экономикаға, қызметкерлерге, қоғам мен қоршаған ортаға әсері сипатталған.

2021 жылғы Solva компаниясының дамуға қатысты басымды бағыттарының бірі кәсіпкерлерге арналған жаңа өнімдерді іске қосу болды. ШОБ сегментінде таңдалынған стратегияның сәттілігін кредиттік портфельдің үш есе артуы растады. Оның ішінде өзіне-өзі жұмыс істейтін азаматтарға арналған микрокредиттік өнім, факторингтік қызметтер, жеке кәсіпкерлер мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерге арналған арнайы өнімдер іске қосылды.

Біз қызметкерлерге бірдей мүмкіндіктерді ұсынамыз, жергілікті қоғамдастыққа қолдау көрсетеміз, заңнаманың қатаң сақтаймыз, жауапты кредиттеу қағидаттарын қолданамыз, қоршаған ортаға теріс әсерді мейлінше азайтуға тырысамыз. Осы іс-шаралардың барлығы бизнесімізді дамытуға жауапты қарайтындығымызды көрсетеді.

Компания жауапты кредиттеу қағидаттарын ұстана отырып, клиенттерге Solva компаниясының түрлі өнімдері мен микрокредиттеу шарттары туралы толық, түсінікті және шынайы ақпаратты ұсынады. Біз жеке тәсілді пайдалана отырып, клиенттерімізге күрделі ситуация немесе сұрақтар туындаған кезде әрқашан көмектесуге дайынбыз. Бұған қоса Компанияда омбудсмен қабылдау бөлімі бар, ол қарыз алушының мүддесін ескере отырып, даулы немесе стандартты емес ситуацияны шешуге көмектеседі.

Біз ақпаратты және клиенттеріміздің дербес деректерін қорғауға мұқият қараймыз, сол себептен тұрақты негізде ақпараттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіреміз.

Біз сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа төзімділік танытпаймыз, сол себептен Компанияда барлық қызметкерлер міндетті түрде сақтауы тиіс алаяқтыққа қарсы саясат әрекет етеді. Біздің 100% қызметкерлеріміз осы саясатпен танысқан. Сонымен бірге біз тұрақты негізде клиенттеріміз бен қызметкерлерімізге ықтимал алаяқтық сызбалар туралы айтып береміз, олардың алдын алу тәсілдерімен таныстырамыз, ал алаяқтық орын алған жағдайда, біз оны тергеуге мұқият қараймыз.

Қызметкерлер - Solva компаниясының негізгі құндылығы. Қызметкерлерді басқару саласындағы біздің тәжірибеміз еңбек етуге мейлінше ыңғайлы шарттарды әзірлеуге, бәсекелес жалақымен қамтамасыз етуге, кәсіби машықтарын дамытуға бағытталған.

Әлеуметтік жауапкершілік сонымен бірге Компанияның маңызды бағыты болып саналады. Бірнеше жыл қатарынан мемлекеттік органдармен және жеке ұйымдармен бірлесе отырып, біз Қазақстанның көптеген өңірлерінде жеке тұлғаларға, кәсіпкерлерге және мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арнап қаржылық сауаттылық бойынша тегін вебинарларды жүргізіп келеміз. Сонымен бірге біз түрлі қайырымдылық қорларға қолдау көрсете отырып, Қазақстан азаматтарының өмірін жақсартуға бағытталған әлеуметтік және экологиялық жобаларды өткіземіз. Біз гендерлік теңдікке үлкен назар аударамыз және әйелдерге бірдей мүмкіндіктер беру үшін олардың бизнес-жобаларын қаржыландыру бойынша жобаларды белсенді түрде дамытып келеміз. Осылайша ШОБ портфелінің 70% -ы кәсіпкер ханымдарға берілген.

Біз Компания қызметінің қоршаған ортаға деген теріс әсерін мейлінше азайтуға тырыса отырып, өз секторымыздағы ең алғашқы көмірсүтек-бейтарап компания болғандығымызды мақтан етеміз.

Біздің болашаққа деген жоспарларымыз көп. Шағын және орта бизнесті кредиттеу көлемін арттыру, агроөнеркәсіптік кешен компанияларына арналған қаржылық өнімдерді дамыту, қызмет көрсету географиясын кеңейту және қызметтердің технологиялық ерекшеліктерін жақсарту. Сонымен қатар біздің жоспарымызда банктік лицензияны алу бар. Осылайша біз клиенттерге жаңа қызметтерді ұсынатын боламыз.

Біз бизнесіміздің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді, ашық және жауапты корпоративтік мәдениетті қолдауды, тұрақты дамуға өз үлесімізді қосуды жалғастыра береміз.

Борис Батин

**«ОнлайнКазФинанс» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС
Қадағалаушы кеңесінің төрағасы**

Қадағалаушы кеңестің Тәуелсіз мүшесінің жолдауы



«Біз бизнестің сәтті болуының құпиясы компанияның әлеуметтік және экологиялық салаға қосқан үлесінде және өнімдеріміздің сапасында және қаржылық операциялық көрсеткіштердің артуында екендігіне кәміл сенеміз.»

Құрметті қызметкерлер, серіктестер мен клиенттер!

Қазақстанның микрокредиттеу нарығындағы көшбасшылардың бірі ретінде біз тұрақты даму өзіміздің корпоративтік қызметімізді жүргізумен үздіксіз байланысты екендігін түсінеміз. Сол себептен сіздерге 2021 жыл бойынша әзірленген біздің алғашқы тұрақты даму есебімізді ұсыну ерекше қуанышты жағдай. Бізге Қазақстанның экономикалық дамуына, халықтың әл-ауқатын арттыруына, қоршаған ортаны қорғауға және БҰҰ Тұрақты даму бойынша халықаралық мақсаттарға қол жеткізуге үлес қосу өте маңызды.

2021 жыл шағын және орта бизнес секторында қарқынды даму жылына айналды. Біз жаңа өнімдерді іске қосып, ШОБ сегментіндегі кредиттік портфельдің жылдам өсімін көрсеттік. Біз түрлі санаттағы кәсіпкерлерге арналған өнімдерімізді мақтан етеміз, себебі ШОБ секторының көптеген қатысушыларында қаржылық қорларға қол жеткізу бойынша шектеулер бар. Біз микрокредиттерді алуға ыңғайлы және қарапайым шарттарды ұсына отырып, клиенттерімізге өз бизнесін дамытуға, олардың отбасыларының әл-ауқатын арттыруға және экономиканың дамуына үлес қосуға көмек көрсетеміз дегенге сенеміз.

ШОБ клиенттерімен жұмыс істеу бағытымызды арттырып қана қоймай, біздің қаржылық өнімдерімізге үлкен қызығушылық танытқан кәсіпкер әйелдерге қолдау көрсетуге үлкен назар аударамыз.

ШОБ секторындағы 70%-ға жуық қарыз әйелдер басқаратын бизнеске беріледі екен. Біз кәсіпкер әйелдерге микрокредиттерді берудің жоғары пайызын сақтауға және оларға өздерінің бизнес-жобаларын қаржыландыруға кең ауқымды мүмкіндіктерді ұсынуға көңіл аударамыз.

Біздің келесі жылға фокусымыз - ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін ШОБ өкілдеріне арналған өнімдер тізімін кеңейту және микрокредиттеу шарттарын жетілдіру. Біз осы бағыт бойынша үлкен жұмыстарды жоспарладық.

Біз күнделікті жұмысымызда жауапты кредиттеу қағидаттарын сақтауға, клиенттерімізге қамқорлық білдіруге, Қазақстан заңнамасын қатаң сақтауға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жасауға және іскерлік этика ережелерін сақтауға тырысамыз. Осы Есепте сіз біздің жұмысымыздағы тәсілдерімізбен және бизнесті жауапты жүргізудің барлық аспектілеріне қосқан үлесімізбен толығырақ таныса аласыз. Біз көпфункционалды алаңды іске қосуды, Қазақстанның кәсіпкер әйелдерінің қоғамдастығын құруды жоспарладық.

Әлеуметтік салада біз қызметкерлерге арналған қамқорлық бағдарламаларын дамыту, оларға жайлы жұмыс шарттарын ұсыну, Қазақстан халқы арасында қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру бойынша бағдарламаларымызды жүзеге асыру және әлеуметтік қорғалмаған азаматтарға көмек көрсету секілді іс-шараларды жүргіземіз.

Бізге күннен күнге үздік болуға көмектесетін барлық қызметкерлерімізге, серіктестерімізге және клиенттерімізге алғыс білдіремін. Мен командама сенемін. Тұрақты даму мен бизнесті жауапты жүргізу қағидаттарын ұстана отырып, өршіл мақсаттарға қол жеткізуді жалғастыра береміз.

Садыров Шухрат

**«ОнлайнКазФинанс» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС
Қадағалаушы кеңестің тәуелсіз мүшесі**

Мазмұны

1.0	Есеп туралы	5	3.8	Адам құқықтарын сақтау және қорғау	33
2.0	Компания туралы	6	4.0	Қызметкерлер күтімі	35
2.1	Негізгі қаржылық көрсеткіштер	12	4.1	Уәждеме мен сыйақы	36
2.2	Корпоративтік басқару құрылымы	13	4.2	Оқыту мен даму	38
2.3	Тәуекелдіктерді басқару	16	4.3	Еңбек қауіпсіздігі	39
2.4	Біздің тұрақты дамуға қосқан үлесіміз	17	5.0	Қоршаған ортаны қорғау	40
2.5	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу	18	5.1	Климаттың өзгеруі	41
3.0	Жауапты бизнес	21	6.0	Әлеуметтік бастамашыл жобалар	42
3.1	Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл	22	6.1	Қаржылық сауаттылық	43
3.2	Іскерлік этика кодексі	25	6.2	Әйелдер кәсіпкерлігіне қолдау көрсету	46
3.3	Мүдделер жанжалы	25	6.3	Қайырымдылық	48
3.4	Жауапты маркетинг	25	7.0	Қосымша. БҰҰ ТДМ-ға қосқан үлесі	52
3.5	Деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығы	27	8.0	Қосымша. Есептік кезең ішіндегі қызмет нәтижелері	55
3.6	Клиенттер күтімі	28	9.0	Байланыс ақпараты	57
3.7	Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл	32			



Есеп туралы

«ОнлайнКазФинанс» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС (бұдан әрі – Solva, Компания) тұрақты даму туралы есебін (бұдан әрі – Есеп) алғаш рет жариялап отыр.

Есеп ашық нысанда әзірленді. Біз 2021 жылы бизнесті дамыту, қызметкерлеріміз, клиенттеріміз бен қоғам алдындағы жауапкершілігіміз және қоршаған ортаны қорғау саласындағы қол жеткізген нәтижелерімізбен бөлісеміз.

Біз осы Есеп біздің ішкі және сыртқы мүдделі тараптар арасындағы коммуникацияның маңызды арнасына айналады дегенге сенеміз және болашақта Тұрақты даму туралы есепті жариялауды жалғастыруды жоспарлап отырмыз.



Осы Есептегі ақпарат 2021 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі кезеңді қамтиды.

Есеп орыс, ағылшын және қазақ тілдерінде әзірленген және Компанияның <https://solva.kz/> ресми сайтында жарияланған.

Есепті Компанияның Бас директоры мен Қадағалаушы кеңес мүшесі тексеріп, мақұлдады.



Компания туралы

Solva Қазақстанның микрокредиттеу нарығындағы көшбасшылардың бірі болып табылады.

Біз – бес жыл мерзімге дейін онлайн режимде микрокредиттерді ұсынатын Қазақстандағы алғашқы цифрлық микроқаржылық компаниямыз. Соңғы үш жыл ішінде біз Қазақстандағы ең жылдам дамып келе жатқан кредиттік бизнеске айналдық.

Біз нарықта 2016 жылдан бастап қызмет етеміз. 6 жылдан астам уақыт бойы клиенттеріміз бен әріптестерімізге өзіміздің атауымызды (ағыл. solve - шешу) растай отырып, олардың мақсаттарын жүзеге асыруға көмектесіп келеміз.

Біздің миссиямыз:

Интернет қолжетімді кез келген жерден қысқа мерзім ішінде кредит алуға мүмкіндік беретін ыңғайлы, қолжетімді және жоғары технологиялық қаржылық сервистерді енгізу және дамыту, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру ықпал ету.

Біздің жоспарларымыз:

Компания болашақта да өзінің Қазақстанның қаржылық нарығындағы жоғары технологиялық қаржылық қызметтерді ұсыну сегментінің жетекші позициясын сақтап қалуға тырысады. Бизнесінің масштабын кеңейту үшін Компания 2023 жылдың соңына таман коммерциялық банкке айналу жоспарлап отыр.



528 млн \$

Қазақстанда берілген қарыз сомасы



17 млн \$

ай сайын берілетін сома



7 минут

өтінімді толтыруға жұмсалатын орташа уақыт



1.8 млн

соңғы 3 жыл ішінде өңделген өтінімдер саны



70 мың

ай сайын тартылатын жаңа клиенттердің саны



74%

NPS (Net Promoter Score)



Компания туралы

Solva екі негізгі клиенттік сегменттермен жұмыс істейді:

Шағын және орта бизнес (ШОБ):

- ▶ ШОБ-ны микрокредиттеу, кредит сомасы – 14 млн. тг. дейін, мерзімі – 1-5 жыл
- ▶ Solva Факторинг көмегімен дебиторлық берешекті қаржыландыру, сомасы 20 млн. тг., мерзімі – 120 күнге дейін

Жеке тұлғалар:

- ▶ Жеке тұлғаларға берілетін тұтынушылық микрокредиттеу – 5 жылға дейін, кредит сомасы – 200 000 тг. бастап 5 млн. тг. дейін
- ▶ Кредиттерді қайта қаржыландыру, сомасы – 4 млн. тг. дейін, мерзімі – 6 айдан 5 жылға дейін

Біздің ерекшелігіміз:

- ▶ барлық клиенттік сегменттерде ең жылдам мақұлдау
- ▶ кредиттік тәуекелдіктердің кең сараптамасы: Қазақстанның 50% резиденттерінің кредит төлеу қабілетін бағалау
- ▶ клиенттің қажеттіліктеріне сәйкес жеке өнімдер: чектің сомасы – 50 мың тг. бастап 35 млн. тг. дейін, мерзімі – 30 күннен бастап 5 жылға дейін
- ▶ жеке технология: бағдарламалық қамтылым әзірлеушілері мен инженерлерінің командасы



Компания туралы

Біздің кредиттеу саласындағы ерекшеліктеріміз



ЖЫЛДАМ –

минималды құжаттар пакетімен
қарапайым ресімдеу

ЫҢҒАЙЛЫ –

кеңсеге бару қажет емес. Онлайн
қосымша арқылы ресімдеуге болады.

КЕПІЛЗАТСЫЗ –

мүлікті кепілге қою немесе кепілгерлерді
тарту қажет емес

КЕЗ КЕЛГЕН МАҚСАТТАРҒА –

бизнесті дамыту, айналым капиталын немесе
кассалық алшақтықты толықтыру

Компания туралы

Қызмет географиясы

Компанияның орталық кеңесі Алматы қ. орналасқан. Қазақстан аймағында клиенттермен жұмыс істейтін Solva компаниясының 120 бөлімшесі бар: ауылдық жерлерде - 59%, қалаларда - 49%.



120
кеңсе



Компания туралы



Біздің онлайн сервистеріміз

Біз клиенттермен цифрлық өзара әрекеттесуді дамытуды жалғастырып келеміз:

- ▶ <https://solva.kz/> сайты
- ▶ Solva мобильді қосымшасы

Біздің онлайн сервистерімізде әрбір клиент микрокредитті **ыңғайлы, қарапайым және қауіпсіз** ресімдеуге, ұсынудың барлық шарттарымен танысуға, сонымен бірге өз микрокредиті туралы ақпаратқа тұрақты негізде қол жеткізуге және 24/7 онлайн қолдау алуға мүмкіндік береді.

Ай сайын біздің қосымшамызды 50 мыңнан астам жаңа пайдаланушылар қолданады.



Компания туралы

Біздің қағидаттарымыз


Біз өз қызметімізде келесі қағидаттарды ұстанамыз:

- ▶ **Жауапты кредиттеу:** біз кредитор сатып алушыны майда қаріпті және басқа қосалқы әрекеттерді пайдалана отырып, алдамауы тиіс деп санаймыз. Клиент біз үшін ең негізгі құрамдас, сол себептен біз пайдаланушылардың сұрауларын техникалық қолдау көрсету қызметі арқылы жылдам өңдеуді қамтамасыз етіп қана қоймай, клиенттерге қарыз берудің барлық шарттары туралы ашық айтып береміз.
- ▶ **Заңнаманы сақтау:** Компания тұтынушылар мен компаниялардың мүдделерін ескеру мақсатында заңнамалық базаны әзірлеу үшін ұлттық және халықаралық қаржылық реттеуші органдармен белсенді түрде әрекет етеді. Біздің негізгі мақсатымыз – Қазақстан заңнамасының барлық талаптарын сақтау.
- ▶ **Үздік технологияларды енгізу:** Компания өз қызметтерін ең үздік және жоғары технологиялық инновациялық шешімдерді, оның ішінде жасанды зияткерлікті, машиналық оқытуды, үлкен деректерді, мінез-құлық биометриясын және т.с.с. құралдарды пайдалана отырып ұсынады.
- ▶ **Қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру:** Компанияның өнімдері мен қызметтерін пайдалану клиенттердің қаржылық сауаттылығын арттыруды білдіреді. Сол себептен Компания тұрақты негізде Қазақстан халқының қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған тегін іс-шараларды жүргізеді.
- ▶ **Қайырымдылық және әлеуметтік жауапкершілік:** Компания тұрақты негізде табысы аз азаматтарға, жас спортсмендерге қаржылық көмек көрсетіп қана қоймай, ардагерлерге қолдау көрсетеді. Біз мұндай іс-шараларды өзіміз, сондай-ақ түрлі қайырымдылық ұйымдармен бірлесе отырып ұйымдастырамыз.

S&P Global
Ratings

«В» деңгейі
Жорамал – «Тұрақты»

Біздің 2021 жылғы марапаттарымыз



Solva мемлекеттік бюджетке қосқан елеулі үлесі және қызметтің жоғары қаржылық нәтижелері үшін «Сала көшбасшысы 2021» танымал марапатын алды. Компанияның жетістіктерін тәуелсіз зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстанның Ұлттық бизнес-рейтингі атап көрсеткен.



Solva Бизнесі дамыту жөніндегі еуропалық ассоциацияның Жоғары кеңесінің қолдауымен Түркістан қ. өткен «Made in Kazakhstan» қазақстандық заманауи жетістіктердің ұлттық форумы барысында өткен «Қазақстанның жетекші 100 адамдары мен брендтері» премиясының лауреатына айналды.

Компания туралы

Негізгі қаржылық көрсеткіштер



	2019, мың ₸	2020, мың ₸	2021, мың ₸	2021 vs 2020
Кредиттік портфель	17,243,564	34,718,389	61,237,292	76.4%
Капитал	4,823,958	10,822,993	13,676,711	26.4%
Табыс	5,532,100	16,373,321	20,568,540	25.6%
Қаржылық және операциялық шығындар	3,853,230	13,049,406	15,527,346	19.0%
Операциялық табыс	1,678,870	3,323,915	5,207,414	56.7%
Салық салуға дейінгі табыс	1,449,100	3,606,249	5,239,868	45.3%
Таза табыс	1,180,470	2,841,611	4,449,449	56.6%
ROE	46.8%	36.3%	36.9%	
ROA	9.6%	9.1%	8.2%	


Компания туралы

Корпоративтік басқару құрылымы

Біз корпоративтік басқару құрылымымызда келесі қағидаттарды басшылыққа аламыз:

- ▶ Тиімді басқару қағидаты
- ▶ Компания қызметінің ашықтық, уақытылы жүргізу және шынайылық қағидаты
- ▶ Заңдылық пен этика қағидаты
- ▶ Адами қорларды басқарудың тиімді саясатының қағидаты
- ▶ Қоршаған ортаны қорғау қағидаты
- ▶ Мүдделер жанжалын реттеу қағидаты
- ▶

Меншік құрылымы:



Бұған дейін* Solva компаниясы IDF Holding холдингтік құрылымына кірген, алайда 2022 жылдың шілде айында Қазақстандағы барлық активтер (IDF Eurasia холдингтік компаниясы, оған кіретін Solva компаниясы) Қазақстандағы «Астана» Халықаралық қаржылық орталығында (АХҚО) алаңында тіркелген Solva Group жаңа компаниясына берілді. Осы қайта құрылымдау бізге Қазақстандағы жұмысты оңтайландыруға және 2022 жылы туындаған тәуекелдіктерді азайтуға мүмкіндік берді.

Компаниядағы корпоративтік түрлендірулер мен меншік құрылымын жеңілдету реттеу және операциялық тәуекелдіктерді төмендетуге ғана емес, МҚҰ-дан лицензиясы бар банкке айналуға көмектеседі. Біз осылайша микро- және шағын бизнеспен жұмыс жүргізетін Қазақстандағы алғашқы кредиттік-қаржылық ұйымға айналамыз.

Қайта құрылымдауға дейін IDF Eurasia тобына Қазақстан мен Solva ғана емес, сонымен бірге басқа ТМД мемлекеттеріндегі бірнеше компаниялар кірген, сол себептен осы Есеп шеңберінде кейбір деректерді IDF Eurasia тобы бойынша көрсетілді. Мұндай біріктіру жағдайында біз ақпаратты түсіну жеңіл болу үшін оны бөлек көрсету қажет деп шештік.

* Біз осы ақпаратты 2021 жылғы Есепте көрсетуді маңызды деп санаймыз, себебі осы Есеп 2022 жылдың күзінде әзірленген және басқару құрылымында орын алған өзгерістер Компания мен оның қызметі үшін өте маңызды.

Компания туралы

Корпоративтік басқару құрылымы

Компаниядағы басқарудың негізгі органдары – Қатысушылардың жалпы жиналысы, Бас директор мен Қадағалаушы кеңес.

Компаниядағы басқарудың жоғары органы – жылына кемінде бір рет жиналатын Қатысушылардың жалпы жиналысы. Оның міндеттеріне Компания қызметінің елеулі сұрақтары бойынша шешім қабылдау, бизнесті дамыту стратегиясын және компанияның ұзақ мерзімді дамуын жоспарлау кіреді.

Компания қызметінің жалпы басшылығын Бас директор атқарады. Ол жұмыстың басымды бағыттарын анықтайды, барлық ішкі ережелерді және құжаттарды бекітеді, Компанияның қызметімен байланысты басқа сұрақтарды шешеді.

Компания қызметін және оның атқарушы органдарын бақылауды келесі үш адамнан тұратын Қадағалаушы кеңес атқарады: Компанияның екі өкілі мен бір тәуелсіз мүше.

Компанияда тұрақты даму сұрақтарын басқару бойынша жауапты тұлғалар тағайындалған. Тұрақты даму саласындағы Компания әрекеттерін жалпы үйлестіруді және деректерді операциялық басқаруды Тұрақты даму жөніндегі директор* жүзеге асырады. Қазақстандағы жобаларды жүзеге асыру және мемлекеттік үкімет органдарымен тұрақты өзара әрекеттесуді Мемлекеттік үкіметпен өзара әрекеттесу және тұрақты даму жөніндегі директор жүзеге асырады.

Тұрақты даму саласындағы жобаларды жүзеге асыруға кейбір функционалдық бөлімшелерде (HR, ішкі және экономикалық қауіпсіздік бөлімі және т.с.с.) қатысады.



* Аталған позиция 2022 жылы пайда болды, алайда біз осы ақпаратты 2021 жылғы Есепте көрсетуді маңызды деп санаймыз, себебі аталған өзгерістер Компанияның ESG сұрақтарын басқару үшін өте маңызды.

Компания туралы

Тәуекелдіктерді басқару

Біз бизнестің жұмысқа қабілеттілігін және тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Компаниядағы тәуекелдіктерді басқару үдерісін дамытудамыз. Өз жұмысымызда біз тәуекелдікке бағытталған тәсілді қолданамыз.

Компаниядағы жалпы тәуекелдіктерді басқаруға Бас директор жауап береді:

- ▶ Тәуекелдіктерді басқару және Компанияның ұйымдастырушылық құрылымын осы қағидаттардың сақталуына қатысты бақылаудың негізгі қағидаттарын бекіту.
- ▶ Компанияның тәуекелдіктерін басқару бойынша құрылымдық бөлімшелер қызметін бақылау, тәуекелдіктерді басқару бойынша кемшіліктерді анықтау және тиісті іс-шараларды қабылдау.



Қазіргі сәтте Компанияда төрт негізгі тәуекелдік бар: кредиттік тәуекелдік, өтімділікті жоғалту тәуекелдігі, Нарықтық конъюктураның өзгеру тәуекелдігі және операциялық тәуекелдік.

Қаржылық тәуекелдіктерді басқару операциялар бойынша лимит шектеулерін орнату арқылы жүзеге асырылады. Оларды сақтау мұндай транзакцияларды жүргізуге уәкілетті Компанияның тиісті құрылымдық бөлімшелері мен лауазымды тұлғалар үшін міндетті талап. Компанияның құрылымдық бөлімшелері тұрақты негізде шешімдерді қабылдау үшін қажетті ақпаратты басқаруды қамтамасыз ететін басқарушылық есептілік нысандарын әзірлейді.

Компания туралы



Тәуекелдіктерді басқару

Кредиттік тәуекелдік	Қарыз алушы қарызды толық көлемде және бекітілген мерзімде өтей алмауына қатысты тәуекелдік	Жоғары кредиттік тәуекелдікке ие мәмілелерді жасасқан кезде қарыз алушы/кредиттік өнімдер/кредиттік портфелінің басқа тараулары бойынша лимиттер түріндегі шектеулерді орнатады. Сонымен бірге Компания лимиттерді басқару үдерісін және кредиттік тәуекелдіктерді уақытылы бақылау мен жою мақсатында шектеулерді автоматтандырды.
Өтімділікті жоғалту тәуекелдігі	Өтімділікті жоғалту тәуекелдігі белсенді операциялар мен міндеттемелер бойынша өтімдерді өтеу мерзімі ішіндегі сәйкессіздік тәуекелдігі болып саналады	Өтімділікті жоғалту тәуекелдігі ақшалай қаражаттың тапшылығы/артық болуын бақылау, жеделдікке, өтімділік қорына және құнына байланысты ақшалай қаражатты қайта бөлу және бөлу арқылы реттеледі..
Нарықтық конъюктураның өзгеру тәуекелдігі	Кредиттеуден және инвестицияларды тартудан болашақ ақшалай ағындарының нарықтық құны нарықтық конъюктураның өзгеруіне байланысты тәуекелдік	Біз осы тәуекелдік шеңберінде негізгі параметр ретінде валюталардың айырбастау бағамының және пайыздық мөлшерлеменің өзгеру әсерін бағалаймыз. Компания АҚШ доллары мен еуро түріндегі қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді теңгерімде ұстай отырып, валюталық тәуекелдікті басқарады. Компания сонымен бірге валюталық тәуекелдікті хедждейді, бұған қоса ең құбылмалы валюта үшін форвардтық келісімшарттарды жасасады.
Операциялық тәуекелдік	Жүйедегі ақаулық, адами қате, алаяқтық және т.с.с. тәуекелдік	Компания барлық операциялық тәуекелдіктерді жоя алмайды, алайда әзірленген бақылау жүйесінің, бақылау мен жауап қайтару жүйесінің есебінен Компания мұндай тәуекелдіктерді басқарады. Бақылау жүйесі міндеттемелерді тиімді бөлуді, қол жеткізу құқықтарын, мақұлдау мен келісуді, қызметкерлерді оқыту және бағалау рәсімдерін әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Компания туралы

Біздің тұрақты дамуға қосқан үлесіміз



Біз тұрақты даму қағидаттарын ұстанамыз. Қарапайым кредиттеу шеңберінен шыға отырып, біз бизнестің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігіне назар аударамыз.

Solva БҰҰ Бас ассемблея 2015 жылы қабылдаған БҰҰ Тұрақты даму саласындағы мақсаттарға (ТДМ) қолдау көрсете отырып, оларға қол жеткізуге өз үлесін қосуға тырысуда. Тұрақты даму мақсаттары мен ішкі міндеттері шеңберінде Компания қызметін талдай отырып, біз Solva-ның негізгі қызметі шеңберінде әсер ететін үш басымды ТДМ-ны анықтадық.

Бұған қоса біз 5 қосымша ТДМ-ны анықтадық. Компания осылайша оң өзгерістерді енгізуге көмек көрсетеді.



Әрбір ТДМ-ға қол жеткізуге біздің Компаниямыздың үлесі туралы толығырақ ақпаратты осы Есептің Қосымшасынан оқи аласыз.



Біз Қазақстан халқы арасындағы қаржылық сауаттылық деңгейін жетілдіру бойынша оқыту бағдарламаларын жүзеге асырамыз. Сонымен бірге біз барлық қызметкерлерімізге кәсіби оқыту үшін мүмкіндіктерді ұсынамыз.



Біздің мақсаттарымыздың – әйелдерді сапалы жұмыспен қамту, қаржыға және көшбасшы мүмкіндіктеріне қол жеткізуді ұсыну. Сол себептен біз әйелдер басқаратын ШОБ клиенттерінің үлесін арттыру үшін кредиттік үдерістердегі өзгерістерді енгіземіз. Сонымен бірге Компанияда жұмыс істейтін әйел қызметкерлердің үлесі - 65%.



Біз білікті командамызды дамытуға, еңбек шарттарымен қамтамасыз етуге және мансап және кәсіби дамудың қолайлы шарттарын әзірлеуге тырысудамыз. Сонымен бірге біз ШОБ-ға арналған өнімдер тізімін кеңейту үшін жұмыс істейміз. Осылайша қаржыға қол жеткізу және Қазақстан халқының әлауқатын арттыру мүмкіндігін ұсынамыз.

Компания туралы

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

Тиімді мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу Solva үшін тұрақты дамудың басымды бағыты болып табылады. Компанияның негізгі мүдделі тараптары – қызметкерлер, клиенттер, үкімет органдары мен профильді қоғамдастықтар, серіктестер мен жеткізушілер, жергілікті қоғамдар, акционерлер мен инвесторлар.

Біз әрбір мүдделі топ өкілдерімен тиімді өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін коммуникацияның түрлі арналарын пайдаланамыз

Мүдделі тараптың сұрақтары мен мүдделері

Өзара әрекеттесу нысандары мен құралдары

Қызметкерлер

- ▶ Еңбекпен қамту
- ▶ Еңбекақы
- ▶ Әлеуметтік қолдау көрсету
- ▶ Еңбектің қауіпсіз және ыңғайлы шарттары
- ▶ Кәсіби және мансап өсу мүмкіндіктері
- ▶ Оқыту мен даму

- ▶ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне толық сәйкестікті ұстана отырып ресімдеу
- ▶ Еңбекақыны және бонустарды төлеу жүйесінің ашықтығы
- ▶ Өтемақы мен жеңілдіктер бағдарламаларын жүзеге асыру
- ▶ Ерікті медициналық сақтандыру жүйесі
- ▶ Кеңседе қауіпсіз және ыңғайлы еңбек шарттарын ұсыну
- ▶ Еңбекті қорғау мен өрт қауіпсіздігі саласында қызметкерлерді оқыту
- ▶ Қызметкерлерді бағалаудың және бір жылға мақсаттарды қоюдың ашық жүйесі
- ▶ Оқыту, оқыту іс-шараларын және семинарларды жүргізу мүмкіндіктерін ұсыну
- ▶ Қызметкерлерге арналған тіл курстары
- ▶ Корпоративтік іс-шаралар

Компания туралы

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

Мүдделі тараптың сұрақтары мен мүдделері

Клиенттер

- ▶ Клиенттерге жоғары сапалы өнімдердің кең ауқымын ұсыну
- ▶ Клиенттермен жедел және оңай қол жеткізудің өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ету
- ▶ Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, клиенттердің дербес деректерін қорғау және жауапты маркетингтік қызмет
- ▶ Этикалық бизнес тәжірибелер
- ▶ Алаяқтықтың алдын алу

Үкімет органдары мен профильді қоғамдастықтар

- ▶ Саланың жұмысқа қабілеттілігіне және реттеуге қатысты сұрақтар
- ▶ Заңнама талаптарына сәйкес қызметтің лицензияланған түрлерін жүзеге асыру
- ▶ Салықтық заңнаманы сақтау
- ▶ Ұлттық жобаларды жүзеге асыруға және ұлттық салалық заңнаманы жақсарту үшін үкімет пен профильді ұйымдарының өкілдерімен серіктестік

Өзара әрекеттесу нысандары мен құралдары

- ▶ Өнімдер тізімін кеңейту және оларды клиенттердің қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеу
- ▶ Клиенттермен өзара әрекеттесу тәсілдерін жақсарту, оның ішінде сайтты және мобильді қосымшаны жетілдіру
- ▶ Ақпараттық қауіпсіздікті және дербес деректерді қорғауды қамтамасыз ету
- ▶ Проблемалар туындаған жағдайда, қарапайым және жылдам өзара әрекеттесу
- ▶ Қарыз алушылардың құқықтары бойынша виртуалды қабылдау шеңберіндегі омбудсмен жұмысы
- ▶ Клиенттермен, оның ішінде берешекпен жұмыс жөніндегі қатаң стандарттарды енгізу
- ▶ NPS бағалауды тұрақты негізде жүргізу
- ▶ Қазақстан Республикасының қолданбалы заңнамасын, оның ішінде «Жарнама туралы» заңды қатаң сақтау
- ▶ Мақалалардың, видеокурстардың, ақпараттық постерлердің көмегімен алаяқтық сызбалар туралы клиенттерді ақпараттандыру
- ▶ Алаяқтық фактісі туралы хабарлаған тұлғаға сыйақы төлеу
- ▶
- ▶ Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық талаптарын сақтау
- ▶ Қазақстан Республикасы бюджетіне заңнамаға сәйкес салықты тұрақты негізде төлеу
- ▶ Қызметтің лицензияланатын түрлерін заңнамаға қатаң жүзеге асыру
- ▶ Жұмыс және сараптама топтарының, комиссиялардың, комитеттердің жиналыстарын жүргізу, жеке кездесулерді және келіссөздерді ұйымдастыру
- ▶ Қазақстан Микроқаржылық ұйымдар ассоциациясындағы мүшелігі
- ▶

Компания туралы

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

Мүдделі тараптың сұрақтары мен мүдделері

Серіктестер мен жеткізушілер

- ▶ Өзара әрекеттесудің және сатып алудың ашық шарттары
- ▶ Этикалық нормаларды , сыбайлас жемқорлық стандарттарын сақтау

Жергілікті қоғамдастықтар

- ▶ Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша бағдарламаларды жүзеге асыру
- ▶ Түрлі қайырымдылық бағдарламаларды жүзеге асыру
- ▶ Компанияның ағымдағы қызметі мен оны дамыту жоспарын қалыптастыру

Акционерлер мен инвесторлар

- ▶ Қызмет нәтижелері
- ▶ Стратегияны жүзеге асыру
- ▶ Корпоративтік басқару

Өзара әрекеттесу нысандары мен құралдары

- ▶ Сатып алу рәсімдерінің ашықтығы
- ▶ Проблемалар туындаған кезде жылдам жауап қайтару
- ▶ Құпия ақпаратты қорғау
- ▶ Қазақстанның сыбайлас жемқорлық саясаты ережелерін сақтау

- ▶ Тұрақты негізде халықтың түрлі топтарына арналған қаржылық сауаттылық бойынша семинарларды, лекцияларды және оқыту жаттығуларын жүргізу
- ▶ Қазақстандағы әйел кәсіпкерлігіне қолдау көрсету бойынша бағдарламаны дамыту
- ▶ Түрлі әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру, қайырымдылық қорлармен өзара әрекеттесу
- ▶ Компания сайты мен БАҚ-дағы жарияланымдар
- ▶ Алғашқы рет Тұрақты даму есебін шығару

- ▶ Корпоративтік есепті, оның ішінде жылдық және жарты жылдық қаржылық нәтижелерді әзірлеу
- ▶ Инвесторлармен кездесу және тұрақты өзара әрекеттесу
- ▶ Кәсіби қоғамдастықтар мен инвесторларға арналған презентациялар
- ▶ Жарияланымдар және интернетте және БАҚ-да міндетті түрде жариялау

Жауапты бизнес

Solva компаниясының корпоративтік мәдениеті адалдық, ашықтық, жауапкершілік, ұждандылық қағидаттарына құрылған. Іскерлік этика мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын сақтау - бизнесіміздің ұзақ мерзімді табыстылығының негізі.

Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл

Solva парақорлық пен сыбайлас жемқорлықты мүлдем қолдамайды. Олар біздің корпоративтік құндылықтарымызға сәйкес келмейді, тіпті біздің беделімізге қатер төндіре отырып, қоғамға зиян келтіреді.

Біз сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық тәуекелдіктерін азайту мен алдын алу үшін барлық іс-шараларды қолданамыз. Біз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, мемлекеттік функцияларды немесе оларға теңдестірілген әрекеттерді орындауға қатысты Қазақстан Республикасы аймағында әрекет ететін нормативтік құқықтық актілер саласына қатысты талаптарды, оның ішінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңнаманы қатаң сақтаймыз. Бұған қоса іскерлік артықшылықтарды алу үшін мүліктік (мүліктік емес) жетістіктерді және басқа заңсыз төлемдерді алу үшін мұндай тұлғаларды сатып алуға тыйым салынады. Solva компаниясының этикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын сақтағаны үшін жауапкершілігі барлық Компания бөлімшелері мен қызметкерлеріне жүктеледі.

Компанияда Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты әрекет етеді. Аталған құжат Компания қызметкерлері үшін құнды және шынайы сыбайлас жемқорлық бағыты жүйесін әзірлеу арқылы алаяқтық және сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің алдын алуға бағытталған.

Сонымен бірге аталған Саясатта Solva қызметкерлеріне арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар бар. Мұндай стандарттарда жемқорлықтың туындауына алып келетін мінез-құлықтың барлық нормалары толық сипатталған. Барлық қызметкерлер осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен танысып, оны сақтауға, бұған қоса барлық деңгейдегі жетекшілер мұндай стандарттарды сақтауды және өз қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

100% қызметкерлер Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысқан. Сонымен бірге әрбір жаңа қызметкер үшін ішкі және экономикалық қауіпсіздік бөлімі сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл бойынша нұсқаулықты жүргізеді.

Біздің қызметкерлеріміз Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл ережелерімен байланысты кез келген бұзушылықтарды сақтауға міндетті. Саясатты сақтаудың барлық фактілерін ішкі және экономикалық қауіпсіздік бөлімі тергейді.

Жауапты бизнес

Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл



Сонымен бірге Компанияда құпия ақпаратты және коммерциялық құпияны сақтау саясаты, сыйақыны заңсыз алумен байланысты тәуекелдіктерді түсіну туралы растама, коммерциялық құпия режимін сақтау маңыздылығын қабылдау негіздері әрекет етеді. Құжаттарда деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету және алаяқтық пен мүдделер жанжалын алуды қамтамасыз ету, БАҚ-пен өзара әрекеттесу ережелері, адал қызмет ету қағидаттары мен бұзушылық туралы хабарлау арналары туралы ақпарат, заңсыз әрекеттердің сипаттамасы туралы ережелер бар. Осы Растамаға барлық қызметкерлер жұмысқа қабылданған және жұмыстан босатылған кезде қол қояды.

Біз Компания қызметкерлер, үшінші тұлғалар мен мердігерлер тарапынан болуы ықтимал алаяқтыққа мұқият қараймыз.

Біздің қызметкерлеріміз кез келген алаяқтық сызбаларды пайдалануға жол берілмейтіндігі туралы біледі. Компания қызметкері тарапынан алаяқтық туралы күмән туындаған жағдайда, тергеу әрекеттері жүргізіледі. Оның нәтижесі бойынша анықталған тәуекелдіктерді азайту бойынша ұсыныстар енгізіледі және бұзушылық деңгейіне байланысты қызметкерді жұмыстан босату немесе істі құқық қорғау органдарына беру секілді іс-шаралар қолданылуы тиіс.



Жауапты бизнес



Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл

Сонымен бірге біз клиенттерімізге тұрақты негізде кеңінен таралған алаяқтық сызбалары туралы хабарлаймыз. Біздің сайтымызда алаяқтық тақырыптары бойынша мақалалар және интернетте видео-сабақтар жарияланады. Ал клиенттермен өзара әрекеттесудің әрбір нүктесінде осы тақырып бойынша ақпараттық жазбалар жарияланған. Біз Компания микрокредитті ресімдеу мен алу кезінде комиссиялар жоқ екендігін және кез келген ұйымға немесе делдалға ақшалай қаражатты төлеуді талап етпейтіндігін хабарлаймыз. Микрокредитті ресімдеу кезінде әрбір клиентіміз құжатқа қол қояды, осылайша микрокредитті алу үшін ешкімге ақша төлемегендігін растайды. Егер клиент алаяқтыққа тап болса, оған құқық қорғау органдарына жүгінуге кеңес береміз. Сонымен бірге біз Компания қызметкері немесе агенттері тарапынан алаяқтық туралы хабарлаған адамға 100 мың тг. дейін сыйақы төлейтін алғашқы компаниямыз.

Алаяқтық туралы хабарлама үшін

100 000 ₸





Сенім телефоны

+7 (701) 345 74 64



Ішкі және экономикалық
қауіпсіздік бөлімінің
электрондық мекенжайы

sb@solva.kz

Жауапты бизнес



Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл

Біз үшінші тұлғалар мен делдалдар тарапынан алаяқтық сызбалар көп екендігін түсінеміз, сол себептен Компанияны, қызметкерлерді және клиенттерімізді қорғау үшін осы сызбаларды тұрақты негізде зерттейміз. Біздің клиенттеріміз тап болған алаяқтықтың барлық фактілерін зерттеуге тырысамыз. Тергеу нәтижелері бойынша клиентке оның келісімінсіз микрокредит ресімделгендігі және алаяқтық сызбасы пайдаланылғандығы анықталса, біз клиенттің қарызын толық есептен шығарамыз, Кредиттік бюролардың жазбаларына тиісті түзетулерді енгізіп, құқық қорғау органдарына жүгіну қажеттілігі туралы хабарлаймыз.

Нақты немесе болжалды бұзушылықтар туралы хабарламаларды ішкі және экономикалық қауіпсіздік бөлімінің электрондық поштасына (sb@solva.kz) немесе сенім телефонына (+7 7013457464), ал қызметкерлер үшін тікелей жетекшісіне хабарлауға болады. Біз жүгіну кезінде толық құпиялылыққа кепілдік береміз. Көрсетілген байланыс арналары бойынша Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының бұзылуына, жемқорлық немесе алаяқтық әрекеттерге тап болған қызметкерлеріміз, клиенттеріміз, контрагенттеріміз және кез келген үшінші тұлғалар жүгіне алады.

Жауапты бизнес

Solva іскерлік этика кодексі

Біздің Компаниямызда іскерлік мінез-құлықтың корпоративтік стандарттары анықталған Іскерлік этика кодексі (бұдан әрі – Кодекс) әрекет етеді және біздің құндылықтарымызға сәйкес жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Кодекс те Компания ішіндегі және клиенттер мен серіктестер арасындағы өзара әрекеттесудің негізгі қағидаттарын, мүдделер жанжалының алдын алу іс-шаралары және басқа этикалық сұрақтар анықталған.

Solva қызметкерлері осы Кодекстің талаптары туралы біледі және оларды ұстанады. Барлық жаңа қызметкерлер жұмысқа орналасқан кезде Кодекспен танысады.

Мүдделер жанжалы

Күн сайын біздің қызметкерлеріміз ұжымға, клиенттерге, серіктестерге және басқа үшінші тұлғаларға әрекет ететін шешімдерді қабылдайды. Дәл сол себептен Компания осы сұрақтарды реттеуге үлкен назар аударады. Іскерлік этика кодексіне сәйкес біздің қызметкерлеріміз олардың жеке, отбасылық немесе қаржылық мүдделері Компания мүдделеріне жанжал әкелуі ықтимал ситуациялардың алдын алуы тиіс.

Мүдделер жанжалы орын алған ситуация кезінде қызметкер ол туралы хабарлауы, тікелей жетекшісіне, қызметкерлермен жұмыс жөніндегі бөлімге немесе ішкі және экономикалық қауіпсіздік бөліміне хабарлауы тиіс.

Жауапты маркетинг

Solva - Қазақстанның микрокредиттеу нарығындағы көшбасшылардың бірі. Біз тұрақты негізде брендті дамытамыз және оның танымалдылығын арттырамыз. Біз бұған қоса маркетинг саласындағы инновацияларды енгізу мен құзыретті арттыруды негізге аламыз.

Жауапты бизнес ретінде біз қатаң түрде маркетингтік коммуникациялар мен жарнама саласындағы Қазақстанның заңнамасын қатаң сақтаймыз.

Біз маркетингтік коммуникацияларды мұқият пайдаланамыз және микрокредит егер ол клиенттің нақты қаржылық мүмкіндіктерін сақтамаса, алмауды ұсынамыз.

Маркетингтік коммуникациялар және өнімді дамыту бойынша даулы сұрақтар туындаған жағдайда, біз әрқашан консервативті және қатаң ережелерді ұстанамыз.

Жауапты бизнес

Деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығы

Клиенттердің дербес деректерінің ақпараттық қауіпсіздігі мен құпиялылығы Solva-ның негізгі басымдылықтарының біріне жатады. Біз ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету іс-шаралары мен құралдарын дамыту мен жетілдіру қажеттілігін түсінеміз.

Компаниядағы ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету сұрақтары Ақпараттық қауіпсіздік саясаты шеңберінде реттеледі. Саясат біздің ақпарат қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәсілдерімізді, сонымен бірге ақпаратты қорғау бойынша талаптар мен бағыттарды, негізгі қағидаттарды сипаттайды. Осы Саясаттың қосымшалары Компанияның ақпараттық активтеріне қол жеткізу мүмкіндігі бар немесе ақпаратпен алмасу үдерістеріне қатысатын барлық қызметкерлерге таралады.

Компанияда ақпараттық қауіпсіздік бөлімі бар, оның негізгі мақсаттары – деректердің қауіпсіздігі мен сақталуын қамтамасыз ету, сонымен қатар осы саладағы барлық сұрақтарды басқару бойынша қызметті жүзеге асыру.

Компания тоқсан сайын ақпараттың ағылуын азайту мақсатында деректерді сақтау қоры қауіпсіздігінің ішкі аудитін жүргізеді. Біз тұрақты негізде сыртқы профильді ұйымды біздің қауіпсіздік инфрақұрылымымыздың аудитін жүргізуге шақырамыз. Бұған қоса біз кемшіліктердің болуын анықтау мақсатында мобильді, веб-қосымшаны және ақпараттық жүйелер инфрақұрылымын тестілеуден өткіземіз. Осылайша дербес деректер өңделетін біздің жүйелеріміздің қорғалуын үздіксіз жақсартуға мүмкіндік аламыз. Компанияның барлық қызметкерлері оларға қызметтік міндеттерін орындау кезінде, оның ішінде жұмыстан босатылған және Компанияда қызметін тоқтатқан кезде белгілі болған құпия ақпаратты жарияламау міндетін қабылдайды.





Жауапты бизнес

Дербес деректермен жұмыс



Дербес деректерді өңдеумен байланысты сұрақтарды талқылаған кезде Solva азаматтардың құқықтары мен бостандығын толық сақтайды, оның жеке өміріне қол сұғушылықтың болуын қамтамасыз етеді. Біз Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мен өңдеу сұрақтарын реттейтін заңнамалық актілердің барлық талаптарын қатаң сақтаймыз.

Біздің клиенттеріміз дербес деректерді ұсынуға ақпаратты келісімін береді. Мұндай келісімде жиналатын деретердің көлемі, оларды пайдалану ерекшеліктері, ұсынылған дербес деректерді кері шақыру, деректермен алмасу саясаты мен механизмдері толық ақпарат келтірілген.

Барлық дербес деректер «Қорғалатын ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету, дербес деректерді өңдеу және қорғалатын ақпараттың сыныптамасының ережелері» шеңберінде сақталынады және шифрланған түрде ғана беріледі. Деректерді сақтау кезінде қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін біз үш тәуелсіз деректер базаларын пайдаланамыз.

Жауапты бизнес

Клиенттер күтімі


Біз өз қызметіміздегі басымдылық ретінде адал клиенттер мен жоғары сапалы өнімдер мен қызметтерді ұсынуды қарастырамыз.

Біз үшін клиенттеріміздің қанағаттанушылық деңгейі өте маңызды, сол себептен тұрақты негізде біз NPS (Net Promoter Score) клиенттердің адалдық индексін өлшейміз. Алынған деректердің нәтижелері бойынша біз талдау жүргізіп, оның барысында жиналған деректерді мұқият талдап, оларды өткен кезеңдердегі нәтижелермен салыстырамыз. Көрсеткіш нашарлаған жағдайда, біз болашақта жоя отырып, ықтимал себептерді анықтаймыз.

2021 жылы осы көрсеткіш 74 құрады.

Сонымен қатар біз тұрақты негізде коммуникациялардың барлық арналары, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы түскен кері байланысты өңдейміз. Соның нәтижесінде өнімдер мен қызметтердің сапасын жақсартамыз, жаңа өнімдерді әзірлеп, оларды клиенттерге ұсынамыз. Мысалы, біз жеке кәсіпкерлермен тілдескеннен кейін ЖК ретінде тіркелген ШОБ өкілдеріне арналған жаңартпалы кредиттік желіні іске қостық.

Біз клиенттердің қажеттіліктеріне жылдам жауап қайтару және олардың сұрақтарына мұқият қарау тұрақты және жауапты бизнесті қалыптастыруға мүмкіндік береді деп санаймыз.




Жауапты бизнес

Жауапты кредиттеу

Біз қызметкерлеріміздің клиенттермен тілдесуіне және өзара әрекеттесуіне қатысты қатаң стандарттарды ұстанамыз. Біздің іскерлік этика қағидаттарымыз клиенттерге қатысты агрессияның, олардың ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын әрекеттерге жол берілмейтіндігін, қысым жасауға болмайтындығын тағы бір рет дәлелдейді. Біздің коммуникациямыз әрқашан құрмет, ашықтық, адалдық пен шынайылық қағидаттарына негізделген. Біз тұрақты негізде бақылау мен оқыту арқылы қызметкерлеріміздің этикаға жатпайтын әрекеттерінің туындау қаупін мейлінше азайтуға тырысамыз.

Біз клиенттерімізбен өзара әрекеттесу барысында ашықтық, шынайылық пен адалдық қағидаттарын ұстанамыз. Біз кредитор клиентті майда қаріпті және басқа да әрекеттерді пайдалана отырып, алдамау керек деп санаймыз. Біз микрокредиттеудің барлық шарттары ашық, түсінікті және әрбір клиент үшін қол жетімді болуы тиіс деп санаймыз. Микрокредитті алуға өтінімді ресімдеу кезінде әрбір клиент микрокредитті ұсынудың барлық шарттарымен, сонымен бірге Шарт талаптарымен танысуы қажет. Біз әрқашан кез келген туындаған сұраққа жауап беруге және кез келген туындаған проблеманы шешу үшін талдау жасауға құаныштымыз.



Жауапты бизнес


Жауапты кредиттеу

Біз Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке нормаларымыз бен стандарттарымызды қатаң сақтаймыз. Біз клиент сұрау жасаған микрокредит сомасын беруді қарастыру барысында оның қаржылық мүмкіндіктерін мұқият тексереміз. Микрокредитті ұсынудың ішкі ережелеріне сәйкес қарыз алушы өзінің табысын ұсынылған тәсілдердің біреуін пайдалана отырып растауы тиіс. Осылайша біз сұралынған сома клиенттің қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес екендігіне көз жеткіземіз. Біз тексеру барысында сұралынған соманың клиенттің мүмкіндіктерінен асқандығын байқасақ, клиенттің табыс деңгейіне сәйкес келетін микрокредиттеудің баламалы нұсқасын ұсынамыз немесе өтінімді мақұлдамаймыз.

Қарыз алушыда міндеттемелерді орындау барысында қиындықтар туындаса, біздің Компания тұрақты негізде жеке тәртіпте мерзімі өткен берешекті реттеу бойынша рәсімдерді жүргізеді. Біз қарыз алушылармен сөйлесесіз, берешекті қайтару үшін жеке кестелерді ұсыну сұрағын әрдайым қарастырамыз. 2021 жылы 300 астан клиенттерге** төлем мерзімі кейінге қалдырылған және негізгі қарызды қоса алғанда, төлемдерді қайта құрылымдау ұсынылған жеке кестелер ұсынылды.

* Есеп 2022 жылдың күзінде әзірленген, сол себептен 2022 жылғы кейбір маңызды ақпарат Есепке қосылған

** Есепті әзірлеу сәтінде (2022 жылдың күзінде) мұндай клиенттердің саны шамамен 1 100 адамға тең болған



Жауапты бизнес

Қарыз алушының құқықтары бойынша омбудсменнің қабылдауы



Біз әрбір жеке жағдайды зерттеруге және қаржылық омбудсменнің жеке қызметіне жүгіну мүмкіндігін ұсынуға дайынбыз. Омбудсмен әрбір түскен шағымды жеке қарастыра отырып, ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілерінде, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қаулылары мен түсініктемелерінде, сонымен бірге ішкі нормативтерінде қарастырылған қарыз алушылардың құқықтарының сақталуын бақылайды. Өтінім электрондық поштаға түскен кезден бастап, 3 күн ішінде қарастырылады.

Кез келген қарыз алушы омбудсменнің көмегіне немесе кеңес алуға ресми сайт арқылы жүгіне алады. Ол үшін «Қолдау көрсету» тарауындағы [\(https://solva.kz/ombudsman/\)](https://solva.kz/ombudsman/) «Қарыз алушының құқықтарын қорғау» нысаны арқылы өтінім қалдыру қажет.

Қазақстанда 2022 жылдың қаңтар айында* орын алған оқиғалары біздің клиенттерімізге де тікелей әсер етті. Жүздеген кәсіпкерлер мүліктік және қаржылық қиыншылықтарға тап болды, ал біз мұндай жағдайда оларға көмектесу туралы шешім қабылдадық. Осылайша күрделі ситуацияда қалған қарыз алушыларға қатысты іс-шаралар кешенін әзірледік. Бұған қоса міндеттемелер бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыру, клиенттерге дағдарысқа қарсы қаржылық өнімді ұсыну, тікелей материалдық көмек көрсету секілді іс-шараларды ұсындық.

* Есеп 2022 жылдың күзінде әзірленді, сол себептен 2022 жылғы маңызды ақпарат жарияланды.

Жауапты бизнес

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл

Компания заңды қызметпен айналысатын және тек қана заңды көздерден табыс алатын сенімді клиенттермен және контрагенттермен іскерлік қарым-қатынасты орнатып, оны дамытуға қатысты барлық ықтимал іс-шараларды қабылдайды. Компанияда ішкі бақылау ережелері әзірленген, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша кадрларды ішкі оқыту мен әзірлеу» бағдарламасына сәйкес қызметкерлер арасында нұсқаулықтар жүргізіледі. Бұған қоса Компания бұқаралық лауазымды тұлғалар мен клиенттерді оларға қызмет көрсетудің алдында күмәнді операцияларды және стандартты емес мәмілелерді анықтау бойынша іс шараларды жүргізгеннен кейін ғана сәйкестендіру мен зерттеу бойынша іс-шараларды жүргізеді. Клиенттер мен серіктестерді сәйкестендіруді және алдын ала тексеруді жүргізгеннен кейін олардың қызмет саласының ерекшеліктерін, сонымен бірге ақшалай қаражаттың көзін және мақсатын түсінетіндігіне Компания көз жеткізеді.

Осы тақырып бойынша Компания онлайн және оффлайн режимде қызметкерлері арасында жоспарлы оқытуды және олардың білімін тексеруді ұйымдастырады. Іс-шараға 131 қызметкер қатысты. Оқыту нәтижелері бойынша алынған білімді тексеруге қатысты тестілеу жүргізілді.





Жауапты бизнес

Адам құқықтарын сақтау және қорғау

Біз адал бизнес жүргізудің негізі деп адам құқықтары мен еркіндігін сақтауды, адамның нәсіліне, ұлтына, әлеуметтік статусына, жыныстық ерекшелігіне, саяси көзқарасына және құқықтық статусына қарамастан кез келген дискриминацияны болдырмауды санаймыз. Біз Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің барлық ережелерін қатаң сақтаймыз.

Біз клиенттерімізге, қызметкерлеріміз бен барлық серіктестерімізге құрметпен және жауапкершілікпен қараймыз, жанжалға немесе адамның ар-намысын таптайтын әрекеттердің болуына жол бермейміз. Компанияда жұмыс және коммуникация барысында кез келген ауыр сөздерді қолдану, қоқан-лоқы көрсету, сексуалды сипаттағы ұсыныстарды білдіру және қорқыту секілді әрекеттердің болуына қатаң тыйым салынады.

Solva дискриминацияның және адам құқықтарының бұзылуының кез келген фактісінің алдын алу үшін барлық қажетті іс-шараларды қолданады. Тиісті тармақтар барлық қызметкерлер үшін орындалуы міндетті болып табылатын Іскерлік этика кодексіне енгізілген.

Кез келген қызметкер мұндай жағдайлар орын алған кезде ол туралы тікелей жетекшісіне, кез келген жоғары басшылыққа немесе қызметкерлермен жұмыс жөніндегі бөлімге айта алады. Мұндай жағдайда біз Компанияда әрекет ететін ережелер мен саясаттардың бұзылуы туралы хабарлаған қызметкерге қатысты кез келген қорқыту секілді әрекеттердің орын алуына жол бермейміз.

Қызметкерлер күтімі

Компанияның негізгі құндылығы – қызметкерлер. Біз өзінің қызметкерлерінің әл-ауқаты туралы ойлайтын, тең мүмкіндіктерді беретін, команданың әрбір мүшесінің әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шарттарды жасай отырып, ең үздік жұмыс беруші болуға тырысамыз. Біздің компаниямыз өзара құрметпен, сеніммен, серіктестікпен және ашық диалогпен ерекшеленетін атмосфераны ұстанады.

Компанияда қызметкерлерді басқаруды Қызметкерлермен жұмыс жөніндегі бөлім жүзеге асырады. Аталған бөлім кадрлық сұрақтармен айналысады, уәждеме мен өтемақы жүйесін әзірлейді, қызметкерлерді жұмысқа қабылдайды, бейімдеу үдерісін бақылайды, сонымен бірге қызметкерлерді оқыту мен дамыту бойынша іс-шараларды ұйымдастырады.

Компаниядағы қызметкерлерді басқару сұрақтарын тиімді шешу үшін төмендегі нормативтік құжаттардың базасы әзірленді:

- ▶ Қызметкерлерді таңдау туралы ереже
- ▶ Іскерлік этика кодексі
- ▶ Қызметкерлерге сыйақы туралы ереже
- ▶ Еңбекақыны төлеу туралы ереже
- ▶ Ішкі тәртіп ережелері



Қызметкерлер күтімі

Кадрлық құрамы

65%

әйелдер

35%

ерлер

268

2021 жылғы штаттық
қызметкерлердің саны


178

2021 жылы қабылданған жаңа
қызметкерлердің саны


2021 жылы Solva компаниясында 268 адам жұмыс істеген, оның ішінде 65% қызметкерлер – әйелдер. Басшылық құрамдағы әйелдердің саны – жалпы қызметкерлердің 53%.

Қызметкерлеріміздің негізгі үлесі — 30 жасқа дейінгі жастар (56%).

Жынысы бойынша бөлінген қызметкерлердің саны



Жасы бойынша бөлінген қызметкерлердің саны



Қызметкерлер күтімі

Уәждеме мен сыйақы

Біз қызметкерлеріміздің еңбекақысын лайықты етуге, олардың әлеуетінің дамуына қажетті барлық іс-шараларды жасауға тырысамыз. Компанияда қызметкерлердің жұмысын төлеу тәртібі мен шарттары анықталатын Еңбекақыны төлеу туралы ережесі мен Сыйақы төлеу туралы ережесі әзірленген.

Біз бәсекеге қабілетті жалақы деңгейін ұсынамыз және қызметкердің жыныстық немесе жас ерекшеліктеріне қарамастан, қызметкерлерге төлем жасаудың адал жүйесін қамтамасыз етеміз. Әрбір қызметкердің сыйақы мөлшері тек қана оның біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, жұмсалған жұмыс уақыты мен оның сапасына байланысты.

Компанияда қызметкерлерге мақсат қою мен бағалау жүйесі (ТКК) әрекет етеді. Жыл сайын әрбір қызметкер тікелей жетекшісімен бірлесе отырып, бір жылға мақсаттарды қояды. Ол туралы ақпарат Bamboo ішкі порталына енгізіледі. Жылдың соңында қол жеткізілген нәтижелер талқыланып, қызметкерге кері байланыс беріледі. Кері байланысты тікелей жетекшісі мен басқа қызметкерлер бере алады. Бағалау үдерісінің нәтижелері бойынша келесі жылы қызметкердің еңбекақысын өзгерту және жылдық сыйақыны төлеу туралы шешім қабылданады.

Сонымен бірге Компанияда L9 бастап L1 дейінгі грейд жүйесі әрекет етеді. Қызметкердің деңгейіне байланысты оның жылдық сыйақы мөлшері анықталады. Аталған саясат ашық және барлық қызметкерлерге белгілі.



Қызметкерлер күтімі

Біздің уәждеме жүйеміз материалдық уәждемеден ғана емес, сондай-ақ бірнеше материалдық емес уәждеме құралдарынан тұрады:

- ▶ Ерікті медициналық сақтандыру (ЕМС): әрбір қызметкер сынақ кезеңінен өткеннен кейін корпоративтік ЕМС жүйесіне қосылады. Осылайша амбулаторлық және емханалық қызмет көрсету, тіс жөндеу қызметі, жоспарлы және жедел стационарлық емдеу, сонымен бірге дәрі-дәрмекті сатып алуға өтемақы алу секілді мүмкіндіктерге ие болады.
- ▶ Өмірді сақтандыру
- ▶ Қосымша демалыс күндері: біз қызметкерлерімізге Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінде қарастырылған мерзімнен 4 күнге артық 28 демалыс күнін ұсынамыз.
- ▶ Жаңа жылда қызметкерлердің балаларына сыйлықтар
- ▶ Туысы қайтыс болған жағдайда, материалдық көмек



Қызметкерлер күтімі

Оқыту мен даму

Біз қызметкерлерімізге біліктілікті арттыруға, коммуникациялық машықтарды дамытуға және шетел тілдерін оқуға мүмкіндік береміз, себебі бізге қызметкерлеріміздің кәсіби және жеке дамуы өте маңызды.

Жетекшілер өз бөлімшелеріндегі қызметкерлерге қажетті курстар мен оқыту шараларын жүргізу қажеттілігін анықтайды. Мысалы, клиенттермен жұмыс істейтін және келіссөздерді жүргізетін барлық мамандар оқытудан өтеді.

Біз орта деңгейдегі жетекшілерге жаттығу іс-шараларын әзірледі. Мысалы, кері байланысты беру, коммуникация машықтары SMART бойынша мақсатты қою, ақпаратты құрылымдау және т.с.с.* курстар қарастырылған.

Бұған қоса қызметкерлер ағылшын тілі бойынша тегін курстарға қатыса алады.

Егер қызметкерге оның біліктілігін арттыру және жұмысын жақсарту үшін оқыту талап етілсе, біз басқа ұйым арқылы қызметкерді оқытуға дайынбыз. Оқытудың қажеттілігі тікелей жетекшісімен жеке тәртіпте мақұлдануы тиіс.

Қазіргі сәтте біз қызметкерлерді оқыту жүйемізді жетілдіру үшін жұмыс атқарып келеміз. Жақын арада ішкі корпоративтік жүйемізге түрлі курстары бар оқыту платформасын іске қосамыз. Бұл әрбір қызметкерге оның қажеттілігіне сәйкес курстарды таңдауға мүмкіндік береді.

*Аталған жаттығулар 2022 жылдың басында енгізілген және біз осы жаңашылдықты Есеп 2022 жылдың күзінде әзірленгеннен кейін көрсету қажет деп санаймыз.

Қызметкерлер күтімі

Еңбек қауіпсіздігі

Қызметкерлердің денсаулығы мен қауіпсіздігі Solva үшін өте маңызды. Компания еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы бойынша келесі тәсілдерді ұстанады:


Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасының негізгі ережелері Бас директор бекіткен Еңбекті қорғау нұсқаулығында көрсетілген.

- ▶ Компанияның мақсатына жету және жұмысты жүргізу еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы бойынша ережелерді сақтаған кезде ғана мүмкін.
- ▶ Қызмет нәтижелерін алу үдерісінде қызметкерлер мен өзге тұлғалардың өмірі мен денсаулығының басымдылығын мойындау және қамтамасыз ету.

Жаңадан жұмысқа қабылданған қызметкер жұмысқа кірісудің алдында еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтан міндетті түрде өтеді. Мұндай нұсқаулықтар Компанияда апта сайын ұйымдастырылады.

Ағымдағы заңнамаға және ҚР Еңбек кодексіне сәйкес Компанияда қызметкермен оның лауазымдық міндеттемелерін орындау барысында орын алған барлық жазатайым оқиғалар тексеріледі. Тергеу нәтижелері бойынша жазатайым оқиға себептерін жою бойынша іс-шаралар әзірленеді және мұндай инциденттің болашақта қайталанбауы үшін тәуекелдіктерді жоюға әрекет жасалынады. 2021 жылы жазатайым оқиғалар тіркелмеді.

Коронавирустық инфекция таралған сәттен бастап біз кеңселерімізде зарарсыздандыруды жүргіземіз, қызметкерлерімізде жеке қорғаныс құралдарын ұсынамыз, олардың денсаулық жағдайын бақылаймыз және Компания есебінен міндетті түрде тестілеуді ұйымдастырамыз.



Қоршаған ортаны қорғау

Компанияның қызметі қоршаған ортаға тікелей кері әсер етпейді. Алайда біз қоршаған ортаны қорғау саласында келесі қағидаттарды ұстанамыз:

- ▶ биологиялық және табиғи жүйелерге әсерді азайту
- ▶ шектеулі қорларды оңтайлы пайдалану
- ▶ энергияны үнемдейтін технологияларды пайдалану

Біз табиғи қорларды пайдалануға жауапты қараймыз. Біздің кеңсеміз заманауи жабдықталған бизнес-орталықта орналасқан және энергияны үнемдейтін шамдар орнатылған. Сонымен бірге біздің қызметкерлеріміз кеңседе электр энергия және су секілді қорларға мұқият және экологиялық қарым-қатынасты ұстанады.

Біз қағазды үнемді пайдаланамыз және қағаз тасығыштан бас тартуға тырысамыз. Сонымен бірге біз пайдаланылған қағазды қайта өңдеуге жібереміз және қайта өңделген қағазды қайтарады.

254,46*

кеңседе суды тұтынудың
жалпы көлемі, мың м³

28 333,2*

электр энергияны тұтыну, ГДж

*Біздің кеңсеміз 2021 жылдың шілде айынан бастап «Тұрар» бизнес-орталығында, сол себептен деректер 2021 жылғы шілдеден желтоқсанға дейінгі кезең үшін келтірілген.

Қоршаған ортаны қорғау

Климаттың өзгеруі

2020 жылдың қазан айында Carbon Footprint Ltd. британдық консалтингтік компаниясы IDF Eurasia Group (Solva компаниясы осы Топқа 2022 жылдың шілдесіне дейін кірген) көмірсутек аудитін жүргізді. Аудит нәтижесі бойынша Топ өз секторындағы алғашқы көмірсутек-бейтарап компания статусын алды. Тәуелсіз ұйым Компания жұмыс міндеттері шеңберінде қызметкерлердің ұшақпен ұшумен байланысты операциялық қызметінің 40% теріс экологиялық әсерін көрсетті. Қалған 60% Алматы, Мәскеу және Қазан қ. Топ кеңселерінің электр энергияны пайдалану нәтижесінде қалыптастырылған. IDF Eurasia өзінің қоршаған ортаға теріс әсерін өтеу үшін Carbon Footprint Ltd. ұсынған түрлі мемлекеттердегі бірнеше жобаларға қосылды. Оның ішінде Компания Қытайда күн батареяларын орнатуды қаржыландыра бастады, осылайша жергілікті халық CO2 шығарылымының алдын алу үшін қазбалы жанармайдың орнына күнделікті қажеттіліктер үшін күн энергиясын пайдалануға мүмкіндік береді. Жобаға қатысу толығымен Компанияның операциялық қызметі барысында орын алатын көмірқышқыл газының шығарылымын толық өтеуге мүмкіндік берді.

Біздің жоспарларымыздың бірі – біздің қоршаған ортаға әсерінің аудитін жүргізу және статусты растау.



Әлеуметтік бастамашыл жобалар

Қаржылық сауаттылық

Біз қаржылық білімді белсенді дамыту Қазақстан халқының әл-ауқатын белсенді дамытатындығына сенеміз. Біздің Компания қаржылық сауаттылықты дамыту бойынша бастамашыл жобаларды белсенді түрде қолдайды. Біз тұрақты негізде серіктестерімізбен бірге Республика аймағы бойынша тәжірибелі сарапшылар мен лекторларды тарта отырып, іс-шараларды ұйымдастырамыз. Қаржылық сауаттылық бойынша жобаларымыз азаматтарға қаржылық сарапшылардан кәсіби кеңесті алуға, оларды өмір сапасын жақсарту үшін пайдалануға мүмкіндік береді.



Әлеуметтік бастамашыл жобалар

Қаржылық сауаттылық



2021 жылғы негізгі іс-шаралар:

2021 жылғы 12–13 сәуірде Компания №1 Қаржылық сауаттылық мектебімен және Қазақстандағы микроқаржылық ұйымдар ассоциациясымен бірлесе отырып, қазақ тілінде Түркістан қ. кәсіпкерлеріне арналған тегін қаржылық сауаттылық бойынша екі күндік семинарды ұйымдастырды.

2021 жылғы 12-14 маусымда Компания Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесе отырып, Өскемен қ. тегін қаржылық сауаттылық бойынша үш күндік семинарды ұйымдастырды. Семинар барысында өңірдегі қаржылық сауаттылыққа және кәсіпкерлік қызметке қатысты сұрақтар талқыланды.

2021 жылғы 28-29 маусымда «Береке сити» Қор үйлерінде тұратын 60-тан аса ересектер мен балалар Компания мен Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің қолдауымен қаржылық сауаттылық негіздері бойынша оқытудан өтті.

2021 жылғы 12-15 маусымда Өскемен қ. қаржылық сауаттылық бойынша семинарлар өткізілді. Іс-шараға жеке тұлғалар, өзіне жұмыс істейтін қазақстандықтар және қаланың жеке кәсіпкерлері қатысты. Лекциялар қаржы бойынша тәжірибелі сарапшылардың қатысуымен қазақ және орыс тілдерінде өтті.

2021 жылғы негізгі іс-шаралар:

2021 жылдың қыркүйек айында Компания «ITeachMe» Қоғамдық қорымен және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесе отырып, 18 жастан асқан мүгедектілігі бар азаматтарға арналған «Қаржылық сауаттылық» онлайн-курсын іске қосты. 9 қыркүйектен бастап 12 қазанға дейін бірінші ағын студенттеріне оқыту жүргізілді. Аталған онлайн курс оның қатысушыларына жеке қаржылық мақсаттарды дұрыс қоюға бағытталған және тәуелсіз өмір сүрудің фундаментіне құрал болып табылады. Курстың ұзақ мерзімді мақсаты - мүгедектілігі бар адамдарды жеке бизнес бастауға уәждемелеу, капитал жинауды және қаржы саласында тәуелсіз болуды үйрету. Курс қатысушылары өзінің қаржылық сауаттылық деңгейін арттырып қана қоймай, ақпараттық технологиялар саласында практикалық білім алды. Оқыту нәтижелері бойынша екі адам Компанияға жұмысқа қабылданды.



Әлеуметтік бастамашыл жобалар

Қаржылық сауаттылық

Біздің <https://solva.kz/> сайтымызда тұрақты негізде ақпараттандыру және халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған пайдалы мақалалар мен видео-курстар жарияланады. Мысалы:

- ▶ «Интернет қылмыс»: Қаржылық алаяқтардың қармауына қалай түспеуге болады?» [мақаласы](#)
- ▶ Бірнеше пайдалы блоктардан тұратын «Қаржылық және цифрлық сауаттылық» [видео курсы](#)
- ▶ «Қаржылық пирамидалар: алаяқтар мен қылмыскерлерді қалай тануға болады?» [мақаласы](#)
- ▶ «Қаржылық және интернет алаяқтық» [видео курсы](#)



Әлеуметтік бастамашыл жобалар

Әйелдер кәсіпкерлігіне қолдау көрсету

Біз жыныстық тепе-теңдікке мұқият қараймыз және әйелдерге олардың бизнес-жобаларын қаржыландыру үшін бірдей мүмкіндіктерді беру бойынша бастамашыл жобаларды белсенді түрде дамытамыз.

ШОБ портфелінің 70%-ы қарызы әйел кәсіпкерлерге берілген, ол шамамен 85 млн. АҚШ долларды құраған. Сонымен бірге біз ШОБ сегментінде ай сайынғы микрокредитті беру фактілерін қамтамасыз ету үшін кредиттік үдерістерге өзгерістерді енгізуді жоспарлаймыз.

Біз белсенді түрде "Әйел ісі" жобасының шеңберінде Қазақстандағы әйел кәсіпкерлердің қауымдастығын белсенді түрде дамытуды жоспарлаудамыз. Осылайша менторлық және білім беру бағдарламаларына қол жеткізу, сонымен бірге шынайы серіктестерді табу секілді мүмкіндіктерді беретін мультифункционалдық алаңды қалыптастыру жоспарда бар.





Әлеуметтік бастамашыл жобалар

Әйелдер кәсіпкерлігіне қолдау көрсету

Сонымен бірге біз жеке бизнес-жобаны жүзеге асырудың сәтті болуы және материалдық әл-ауқат тікелей қаржылық білім деңгейіне байланысты екендігін түсінеміз. Серіктестермен бірлесе отырып, біз қаржылық сауаттылыққа кәсіпкер әйелдерді оқыту бойынша жобаны жүзеге асырамыз.

Біз аталған бастамашыл жобалар әйелдердің экономикалық құқықтарын кеңейтуге және жыныстық теңдікті қамтамасыз етуге, мемлекеттегі азаматтардың әл-ауқатын арттыруға және экономикалық дамуына көмек береміз дегенге сенеміз. Біз сонымен бірге ұсынылған критерийлерді сақтай отырып, 2XChallenge (<https://www.2xchallenge.org/>) бастамашыл жоба қағидаттарын ұстанамыз.



Әлеуметтік бастамашыл жобалар

Қайырымдылық

Компания тұрақты негізде табысы аз азаматтарға, жас спортсмендерге қаржылық көмек көрсетіп қана қоймай, Ұлы Отан Соғысы ардагерлеріне қолдау көрсетеді.

2021 жылы келесі іс-шаралар жүргізілді:

- ▶ 2021 жылғы 29 сәуірде біздің қызметкерлеріміз және «Лукоморье» бау-бақша орталығының көмегімен «Милосердие» Ерікті қоғамдастығының балалары 30-дан аса ағаштар мен бұтақтарды, орталық аймағына 60-тан аса сәндік өсімдіктерді отырғызды. «Милосердие» қоры аутизмге шалдыққан балаларды оқытумен айналысады. «Ерекше» балаларға қоғамға үйренуге және қоғамның толық мүшесі болуға көмектеседі. Өсімдіктерді отырғызу бойынша жобамыз аймақты жақсартуға ғана емес, балаларға маңызды машықтарды үйренуге көмектесті.
- ▶ 2021 жылғы мамыр айында қазақстандық кәсіпкерлерге қолдау көрсету мақсатында Компания өз клиенттері арасында 500 млн. тг. сомасына сыйлықтары бар конкурсты ұйымдастырды. Мысалы, 2021 жылғы маусым айында біз «Бизнес оқиғасы үшін жарты миллион!» конкурсы ұйымдастырылды. Конкурс Компанияның ШОБ секторындағы клиенттері арасында өтті. Қатысу үшін кәсіпкерлерге бизнесті қалай бастағандығы, қандай қиыншылықтарға тап болғандығы, сәттілік жолындағы оқиғаларын жазу талап болатын. Әрбір ұтысқа жеткен клиенттің әрқайсысына 500 000 тг. көлемінде сыйлық берілді.
- ▶ 2021 жылғы 23 желтоқсанда Нұр-Сұлтан қ. мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған «Менің үлкен қазақ отбасым» комедиясының қайырымдылық көрсетілімі ұйымдастырылды.
- ▶ Компания Түркістан қ. «Қазақстанда жасалынған» Қазақстанның заманауи жетістіктерінің ұлттық форумына қолдау көрсетті. Форумға қоғамның қатысушылары мен көшбасшылар қатысты. Осылайша Компания кәсіпкерлерге іскерлік байланысты жақсартуға және кәсіпкерлікті дамытуға оң әсер ете алды.

Әлеуметтік бастамашыл жобалар

«Бизнесті дамытуға кредит» конкурсы



2021 жылдың ортасында біз «Бизнесті дамытуға кредит» конкурсын іске қосып, Қазақстан бойынша шағын және орта кәсіпорындарға қолдау көрсеттік.

Қатысуға Solva компаниясында бизнес-мақсатқа микрокредит ресімдеген кәсіпкерлер жіберілді. Сонымен бірге әрбір қатысушысы бизнесін қалай бастағандығы туралы шынайы оқиғаларын жолдады. Айдың соңында дауыс беру арқылы жеңімпазды анықтап, оған микрокредитті өтеуге мүмкіндік беретін жарты миллион теңге берілді.

Конкурс барысында біз нәтижелерді және жеңімпаздардың оқиғаларын сайтта жарияладық. 6 кәсіпкер жеңімпаз болып танылды.



A man in a grey suit and dark tie is seated at a desk. He is holding a black pen in his right hand, poised to write on a document. His left hand is raised in a gesturing motion. On the desk in front of him are several papers, a clipboard, and a smartphone. The background is a blurred office setting with a window.

ҚОСЫМШАЛАР



Қосымша

БҰҰ ТДМ-ға қосқан үлесі



БҰҰ ТДМ

Тапсырма

Біздің үлесіміз



3.8 Денсаулық сақтау қызметтерімен, оның ішінде қаржылық тәуекелдіктерден қорғаумен, сапалы негізгі медициналық-санитарлық қызметтермен, қауіпсіз, тиімді, сапалы дәрі-дәрмектермен және вакциналармен қамтамасыз ету.

- ▶ Компанияның барлық қызметкерлеріне қосымша медициналық сақтандыру (ҚМС) бағдарламасын ұсыну
- ▶ Кеңседе тегін тесттерді және денсаулықты тексеруді өткізу, COVID-19 пандемия кезінде қызметкерлерге вакцина алу мүмкіндігін ұсыну
- ▶ Қызметкерлерге алдын алу медициналық көмек көрсету



4.4 2030 жылға таман қажетті машықтарға, оның ішінде кәсіби-техникалық машықтарға ие жастар мен ересектердің санын жұмысқа орналастыру, жұмыспен қамту және кәсіпкерлікпен айналысуы үшін елеулі түрде арттыру.

- ▶ Қызметкерлер арасында оқыту бағдарламаларын және біліктілікті арттыру курстарын өткізу
- ▶ Шетел тілдерін оқыту бойынша сабақтарды ұйымдастыру

4.6 2030 жылға таман барлық жастар мен ересек адамдарда оқу, жазу және санау секілді машықтардың болуын қамтамасыз ету.

- ▶ Азаматтар (оқушылар, студенттер, осал топ өкілдері, өзіне-өзі жұмыс істейтіндер, әйелдер, кәсіпкерлер) арасында қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша бағдарламаларды өткізу
- ▶ Қаржылық сауаттылық пен алаяқтарды ажырату бойынша оқыту видео-курстарына және мақалаларға еркін қол жеткізу мүмкіндігін (сайт, ютуб) беру

Қосымша

БҰҰ ТДМ-ға қосқан үлесі



БҰҰ ТДМ

Тапсырма

Біздің үлесіміз



5.5 Саяси, экономикалық және қоғамдық өмірде шешімдерді қабылдаудың барлық деңгейлерінде көшбасшылық үшін бірдей мүмкіндікті ұсыну, әйелдердің қатысуын қамтамасыз ету

- ▶ Жұмысқа қабылдау, еңбекақы төлеу мен мансапта даму жолында дискриминацияның болмауы
- ▶ Компаниядағы әйел қызметкерлердің үлесі - 65 %
- ▶ Solva-дағы жетекші позициялардағы әйелдердің үлесі - 53 %

5.7 Экономикалық қорларға әйелдерге бірдей құқықтарды, сонымен бірге меншіктің басқа нысандарына және жерге, қаржылық қызметтерге, мұрагерлік мүлікке және ұлттық заңдарға сәйкес табиғи қорларға иелік ету мен басқаруға қол жеткізу мүмкіндігін беру мақсатында реформаларды жүргізу

- ▶ Шағын және орта бизнес (ШОБ) өкілдеріне қарызды ұсыну үлесінде әйелдердің санын арттыру: шамамен 70% бізге жүгінетін ұйымдарды әйелдер басқарады
- ▶ Кредиттік үдеріске өзгерістерді енгізу. Осылайша бір ай ішінде берілген 50% микрокредит әйелдер басқаратын ұйымдарға беріледі
- ▶ «Әйелдер ісі» деп аталатын Қазақстанның кәсіпкер әйелдерінің қоғамдастығы шеңберінде әйелдер арасында қаржылық сауаттылық бойынша семинарлар мен жаттығуларды өткізу

Қосымша

БҰҰ ТДМ-ға қосқан үлесі



БҰҰ ТДМ

Тапсырма

Біздің үлесіміз



8.3 Өндірістік қызметті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын әзірлеуге, кәсіпкерлікті, өнер мен инновациялық қызметті дамытуға бағытталған саясатты дамытуды қарастыратын іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу, микро-, шағын және орта кәсіпорындарды оларға қаржылық қызметтерге қол жеткізуді ұсына отырып, ресми түрде дамытуды уәждемелеу

8.4 Өндірістік қызметті дамытуға, жаңа жұмыс орындарын әзірлеуге, кәсіпкерлікті, өнер мен инновациялық қызметті дамытуға бағытталған саясатты дамытуды қарастыратын іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу, микро-, шағын және орта кәсіпорындарды оларға қаржылық қызметтерге қол жеткізуді ұсына отырып, ресми түрде дамытуды уәждемелеу

8.5 2030 жылға таман бірдей жалақыны төлей отырып, барлық әйелдер мен ерлерге, оның ішінде жас мамандар мен мүгедектерге толық және өндірістік жұмыспен қамтамасыз ету

8.10 Ұлттық қаржылық ұйымдарды нығайту және барлық азаматтарға банктік, сақтандыру және қаржылық қызметтерге тең қол жеткізу мүмкіндігін арттыру

- ▶ Қызметкерлерге арналған оқыту іс-шараларын, оның ішінде шетел тілі бойынша оқытуды өткізу
- ▶ Клиенттер арасында «Бизнесті дамытуға кредит» конкурсын ұйымдастыру
- ▶ Қаржылық қорларға жеңіл және ыңғайлы қол жеткізуді қамтамасыз ететін ШОБ өкілдеріне қарыздарды ұсынуға мүмкіндік беретін өнімдерді әзірлеу
- ▶ ЖК ретінде тіркелген ШОБ сегменті өкілдеріне жаңартпалы кредиттік желіні іске қосу
- ▶ Кеңседе қағазды тұтынуды қысқарту және екінші рет қайта өңделген қағазды пайдалану
- ▶ Көмірсутек-бейтарап компания статусын алу
- ▶ Мүгедектілігі бар және егде жастағы адамдарды жұмысқа алған кезде еңбек заңнамасын сақтау
- ▶ Әйелдер мен ерлерге бірдей еңбекақы төлеуді қамтамасыз ету
- ▶ Бағалау мен өтемақы берудің ашық жүйесі
- ▶ Мансап жолында ашықтық пен бірдей мүмкіндіктерді ұсыну
- ▶ Қазақстандағы микроқаржылық ұйымдар ассоциациясына мүшелік кедейлік деңгейін төмендету және экономикалық өсуге қолдау көрсету мақсатында халық арасында қаржылық қызметтерге тұрақты қол жеткізу мүмкіндігі

Қосымша

БҰҰ ТДМ-ға қосқан үлесі



БҰҰ ТДМ	Тапсырма	Біздің үлесіміз
	9.3 Дамушы мемлекеттердегі шағын өндірістік және өзге кәсіпорындарға қаржылық қызметтерге, оның ішінде қымбат емес кредиттерге қол жеткізу мүмкіндігін кеңейту, олардың өндірістік-сату нарықтарына интеграциясын нығайту	<ul style="list-style-type: none">▶ ШОБ сегментінде қарызды ұсынуды дамыта отырып, бизнес үлесін арттыру▶ ШОБ-дағы клиенттерге арналған өнімдердің тізімін кеңейту, оның ішінде жаңартпалы кредиттік желіні ұсыну
	12.5 2030 жылға таман қалдық көлемін елеулі деңгейде азайту. Ол үшін қоқыстардың пайда болу фактілерінің алдын алу, оларды қысқарту, қайта өңдеу және пайдалану қажет.	<ul style="list-style-type: none">▶ Бизнес-үдерістерде қағазды пайдалану және мұрағатқа сақтауға түсетін қағаз құжаттарды көлемін қысқарту
	13.2 Климаттың өзгеруіне жауап қайтару іс-шараларын ұлттық деңгейде саясаттарға, стратегиялар мен жоспарға енгізу	<ul style="list-style-type: none">▶ Қытайда күн батареяларының құрылысын қаржыландыру арқылы CO2 шығарылымын өтеу бойынша бағдарламаны жүзеге асыру▶ Ағаштар мен бұтақтарды отырғызу бойынша іс-шараларға қатысу
	16.5 Сыбайлас жемқорлық пен пара алу масштабын барлық нысандарда елеулі деңгейде қысқарту	<ul style="list-style-type: none">▶ Корпоративтік этикалық қағидаттар мен саясаттардың, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттардың сақталуын бақылау▶ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелермен байланысты бұзушылықтар туралы хабарламаларды тарату механизмдерінің болуы▶ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бұзу фактілерін зерттеу

Қосымша

Есептік кезең ішіндегі қызмет нәтижелері



1-кесте. Жұмысқа қабылдау шарты, еңбек ету түрі мен жынысы бойынша бөлінген қызметкерлердің саны

	2020	2021
Мерзімсіз еңбек шарты бар қызметкерлердің саны	90	258
оның ішінде әйелдер	62	163
оның ішінде ерлер	28	95
Мерзімді еңбек шарты бар қызметкерлердің саны	-	10
оның ішінде әйелдер	-	10
оның ішінде ерлер	-	-
Толық жұмыс күні жұмыс істейтін қызметкерлердің саны (full-time)	90	262
оның ішінде әйелдер	62	170
оның ішінде ерлер	28	92
Толық емес жұмыс күні жұмыс істейтін қызметкерлердің саны (part-time)	-	6
оның ішінде әйелдер	-	3
оның ішінде ерлер	-	3

2-кесте. Жынысы мен жасы бойынша бөлінген жаңа қызметкерлер

	2020			2021		
	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан жоғары	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан жоғары
Жаңа қызметкерлердің саны	23	17	-	94	82	2
оның ішінде әйелдер	18	12	-	65	46	-
оның ішінде ерлер	5	5	-	29	36	2

3-кесте. Бала күтімі бойынша демалыс

	2020	2021
Бала күтімі бойынша демалыстағы қызметкерлердің саны	-	1
оның ішінде әйелдер	-	1
оның ішінде ерлер	-	-

Қосымша

Есептік кезең ішіндегі қызмет нәтижелері

4-кесте. Жынысы мен жасы бойынша жетекші кадрлар мен қызметкерлердің әлеуметтік мәдени түрлілігі

	2020			2021		
	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан жоғары	30 жасқа дейін	30-50 жас	50 жастан жоғары
Жетекші кадрлар	9	11	-	8	27	1
оның ішінде әйелдер	6	7	-	5	14	-
оның ішінде ерлер	3	4	-	3	13	1
Қызметкерлер	54	16	-	143	88	1
оның ішінде әйелдер	39	10	-	101	53	-
оның ішінде ерлер	15	6	-	42	35	1

5-кесте. Кадрлардың ағылуының көрсеткіші

	2020	2021
Кадрлардың ағылуы	40%	60%

Кадрлардың ағылуының жоғары көрсеткіші коллекторлық қызметкерлер арасындағы жоғары ағылумен байланысты, алайда біз белсенді түрде осы көрсеткішті қызметкерлерді уәждемелеу мен оқыту есебінен төмендету үшін белсенді түрде жұмыс істеп келеміз. 2020 жылмен салыстырғанда ағылу көрсеткішінің артуы команданың және ШОБ сегментінің жылдам дамуымен байланысты.

Байланыс мәліметтері



Кеңсеміздің мекенжайы: Сейфуллин даңғ., 502, 9-қабат, «Тұрар» бизнес-орталығы, 050012, Алматы, Қазақстан



Телефон: +7 (701) 006 35 35



E-mail: disclosures@solva.kz



Веб-сайт: <https://solva.kz/>

